



"Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылардың республикалық конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 99 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2019 жылғы 15 наурыздағы № 114 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 15 наурызда № 18393 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылардың республикалық конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 99 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7547 болып тіркелген, 2012 жылғы 24 шілдедегі Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағында 2012 жылғы № 8 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітлген жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Президенттік олимпиада жыл сайын үш кезеңде өткізіледі:

1) бірінші (өнірлік) кезең – 1 қыркүйектен 1 қарашаға дейін;

2) екінші (іріктеу) кезең – 2 турда өткізіледі:

1 тур (қашықтық) – 15 қарашаға дейін;

2 тур (шығармашылық) – қашықтық турды өткізу күні;

3) үшінші (республикалық) кезең – 30 қарашаға дейін.

Екінші (шығармашылық) турға қатысушылар 45 минут ішінде 1 беттен аспайтын көлемде эссеңі олардың оқу тілінде жазады.

Президенттік олимпиаданың әрбір қатысушысы барлық кезеңдерде мынадай төрт пән бойынша тапсырмаларды оқу тілінде орындаиды: математика, физика, химия және биология.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Президенттік олимпиаданың өңірлік кезеңін облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру үйімдары (бұдан әрі – РББҰ), "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімы (бұдан әрі – "НЗМ" ДББҰ) және "Республикалық физика-математика мектебі" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "РФММ" КеАҚ) өткізеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Өңірлік кезеңнің нәтижелері бойынша іріктеу кезеңіне әрбір облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалалары, "НЗМ" ДББҰ құрамы 20 адамнан аспайтын команда (әрбір пән бойынша 5 қатысушыдан артық емес), РББҰ және "РФММ" КеАҚ құрамы 8 адамнан аспайтын команда (әрбір пән бойынша 2 қатысушыдан артық емес) ұсынады.";

Көрсетілген бүйрықпен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадаларды үйімдастыру және өткізу қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Олимпиаданы оқу жылы бойы 9-11 сынып оқушылары арасында әр жалпы білім беретін пән бойынша білім басқармасының тиісті органдарымен төрт кезеңде өткізеді:

1) бірінші (мектептік) кезең ағымдағы оқу жылының 30 қарашасынан кешіктірмей орта білім беру үйімдарында ауданының (қаланың) білім басқармасы органдары дайындаған тапсырмалар бойынша өткізіледі;

2) екінші (аудандық/қалалық) кезеңді аудандық немесе қалалық деңгейде ауданының (қаланың) білім басқармасының органдары өткізеді;

3) үшінші (облыстық) кезеңді облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру үйімдары (бұдан әрі – РББҰ), "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімы (бұдан әрі – НЗМ ДББҰ) және "Республикалық физика-математикалық мектебі" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "РФММ" КеАҚ) өткізеді";

4) төртінші (республикалық) кезең республиканың түрлі өңірлерінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді бөле отырып өткізіледі.

Қатысушылардың жұмыстарын Олимпиаданың барлық кезеңдерінде қазылар алқасы алдын ала шифрланған және сканерленген түрде ұсынады.

Қазылар алқасы мүшелерінің жұмыстарды бағалауы ұйымдастыру комитеті әзірлеген бағалау критерийлеріне сәйкес қамтамасыз етіледі.

Әр кезеңнің қорытындысы бойынша жұмыстарды бағалау нәтижелері ұйымдастыру комитетіне беріледі.";

11-тармақ алғынып тасталсын;

16-тармақ алғынып тасталсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Олимпиаданың төртінші кезеңіне нәтижелеріне сәйкес, әр пән және сынып бойынша екі қатысушыдан артық емес жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша 10-11 сынып оқушылары, сондай-ақ олимпиада резервінің оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар жіберіледі.

Олимпиаданың төртінші кезеңінің әрбір қатысушысы тапсырмаларды орындау үшін жеке жұмыс орнымен, дәптермен және/немесе "Дарын" РЕПО мөртабаны бар қағазбен, оку тіліндегі тапсырмалар мәтінімен қамтамасыз етіледі.

Олимпиаданың төртінші кезеңі аяқталған соң қатысушылардың жұмыстарын бағалау нәтижелері "Дарын" РЕПО интернет-ресурсында және өткізу орындарында 1 сағат (60 минут) ішінде орналастырылады.

Олимпиаданың төртінші кезеңінің қорытындысы шығарылғаннан кейін қатысушылар жұмыстарының сканерленген көшірмелері "Дарын" РЕПО интернет-ресурсында қатысушылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетілмей орналастырылады.

Олимпиаданың төртінші кезеңінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету үшін оны өткізу процесі онлайн режимінде қарau үшін бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Олимпиаданың төртінші кезеңіне қатысатын облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, "НЗМ" ДББҰ, РББҰ және "РФММ" КеАҚ командаларын Олимпиада барысында жалпы білім беретін пәндерді оқыту проблемалары бойынша семинарларға, пікірталастарға қатысатын,

олимпиадашыларды дайындау бойынша тәжірибе алмасатын мамандар, әдіскерлер, сондай-ақ мұғалімдер алып жүреді.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Екінші және үшінші кезең жұмыстарын үйлестіру Олимпиаданың тиісті кезеңі, республикалық кезең аяқталғаннан кейін бір күн ішінде - Олимпиада нәтижелері жарияланғаннан кейін 5 сағат ішінде жүргізіледі.";

Көрсетілген бүйрықпен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми-жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларында:

13 және 14 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Ғылыми конкурстар төрт кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезеңді (мектеп, аудандық) – білім бөлімдері;
2) екінші кезеңді (іріктеу алдындағы) – облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру үйымдары (бұдан әрі – РББҰ), "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйымы (бұдан әрі – "НЗМ" ДББҰ), "Республикалық физика-математика мектебі" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "РФМШ" КеАҚ) екі турда өткізеді:

бірінші тур – жобаларды қорғау;

екінші тур – осы Қағидаларға қосымшада көрсетілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстары өткізілетін пәндер тізбесіне сәйкес оқыту тіліне, сыныбына сай бейіндік пәнді тереңдетіп оқыту бағдарламасы бойынша тестілеу.

Әдістемелік кенес құрастырған тесттілер 60 сұрақтан тұрады (120 балл), оларды орындауға 2 астрономиялық сағат беріледі.

Үшінші кезеңге тестілеу балдарының жалпы санынан кемінде 50% балл жинаған іріктеу алдындағы кезеңнің екінші турына қатысушылар жіберіледі. Командалық жұмысты үшінші кезеңге жіберу үшін өту баллы жұмыс авторларының жинаған балдарының орташа арифметикалық саны болып табылады;

3) үшінші кезеңді (іріктеу) – жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша "Дарын" РFFO және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша облыстық білім беру үйымдары (алдын ала сараптама) өткізеді.

Ғылыми конкурстың төртінші кезеңіне ең көп балл жинаған үшінші кезеңнің жүлдегерлері жіберіледі;

4) төртінші кезең (республикалық) - Республикалық ұйымдастыру комитеті (жобаларды қорғау).

14. Ғылыми конкурстың бірінші және екінші кезеңдерін өткізу мерзімдері облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, "НЗМ" ДББҰ және "РФММ" КеАҚ басшыларының бұйрығымен анықталады. Ғылыми конкурстың үшінші және төртінші кезеңдері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен айқындалған мерзімдерде өткізіледі. Ғылыми конкурс осы Қағидаларда қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстары өткізілетін пәндер тізбесі бойынша өткізіледі.";

18-тармақ алғынып тасталсын;

19-тармақ алғынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиева жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің
міндеттін атқарушы

Э. Суханбердиева

азақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 13 наурыздағы
№ 99 бұйрығына 1-қосымша

Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша
Президенттік
олимпиаданы үйымдастыру және өткізу қағидалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.08.2014 № 340 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы (бұдан әрі - Президенттік олимпиада) өткізу қағидаларын анықтайды, Президенттік олимпиадаға қатысу және женімпаздарды өткізу тәртібін белгілейді.

2. Президенттік олимпиада Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) өткізетін жыл сайынғы іс-шара болып табылады.

3. Президенттік олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері:

1) орта білім беру үйымдарының оқушылары арасында математика, физика, химия және биологиядан дарынды оқушыларды анықтау үшін кәсіптік бағдар мен болашактағы интеллектуалдық дамуына қолайлы жағдай жасау;

2) жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқутуда оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімдері мен дағдыларын терендешту;

3) тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне және дамытуына жағдай жасау.

2. Президенттік олимпиаданы үйымдастыру және өткізу тәртібі

4. Президенттік олимпиада жыл сайын үш кезеңде өткізіледі:

1) бірінші (өңірлік) кезең - 1 қыркүйектен 1 қарашаға дейін;

2) екінші (іріктеу) кезең - 2 турда өткізіледі:

1 тур (қашықтық) - 15 қарашаға дейін;

2 тур (шығармашылық) - қашықтық турды өткізу күні;

3) үшінші (республикалық) кезең - 30 қарашаға дейін.

Екінші (шығармашылық) турға қатысушылар 45 минут ішінде 1 беттен аспайтын көлемде эссеңі олардың оқу тілінде жазады.

Президенттік олимпиаданың әрбір қатысушысы барлық кезеңдерде мынадай төрт пән бойынша тапсырмаларды оқу тілінде орындайды: математика, физика, химия және биология.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Президенттік олимпиаданың барлық кезеңдерін тапсырмалармен 0амтамасыз етуді дарынды балалармен жұмыс жүргізу саласындағы үйым - "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы жүзеге асырады (бұдан әрі - "Дарын" РҒПО).

6. Президенттік олимпиаданың өңірлік кезеңін облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру үйымдары (бұдан әрі - РББҰ), "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйымы (бұдан әрі - "НЗМ" ДББҰ) және "Республикалық физика-математика мектебі" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "РФММ" КеАҚ) өткізеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Президенттік олимпиаданың іріктеу кезеңі Интерактивті студия желісі арқылы республиканың барлық өңірлерінде бір уақытта өткізіледі.

8. Президенттік олимпиаданың іріктеу және республикалық кезеңі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес (бұдан әрі - Министрдің бұйрығы) "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығымен өткізіледі

3. Президенттік олимпиадаға қатысушылар

9. Президенттік олимпиадаға бұрын-соңды республикалық және халықаралық пән олимпиадаларына қатыспаған республиканың білім беру үйымдарының 11-сынып оқушылары қатысады.

10. Өңірлік кезеңнің нәтижелері бойынша іріктеу кезеңіне әрбір облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалалары, "НЗМ" ДББҰ құрамы 20 адамнан аспайтын команда (әрбір пән бойынша 5 қатысушыдан артық емес), РББҰ және "РФММ" КеАҚ құрамы 8 адамнан аспайтын команда (әрбір пән бойынша 2 қатысушыдан артық емес) ұсынады.

Ескерту. 10-тармак жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Республикалық үйымдастыру комитетінің (бұдан әрі - үйымдастыру комитеті) іріктеу кезеңінің 2 тур нәтижелері бойынша Президенттік олимпиаданың үшінші (қорытынды) кезеңіне қатысушылардың тізімін бекітеді.

4. Президенттік олимпиаданың қазылар алқасы және үйымдастыру комитеті

12. Үйымдастыру комитетінің құрамы Министрдің бұйрығымен бекітіледі.

Үйымдастыру комитетінің құрамына Министрліктің, Министрлікке ведомствоның бағынысты үйымдардың, білім беруді басқару органдарының, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлар кеңесі өкілдері кіреді.

13. Үйымдастыру комитетінің қызметі:

1) Президенттік олимпиаданы дайындау мен өткізудегі тікелей басшылық – үйымдастыру-әдістемелік жұмыстарын қамтамасыз ету;

2) Президенттік олимпиаданың қазылар алқасын және ақадемиялық тобының құрамын бекіту;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министріне Президенттік олимпиаданың қорытындылары бойынша ақпарат беру.

14. Президенттік олимпиаданың қазылар алқасы тәрағадан, мүшелерінен және хатшыдан тұрады. Қазылар алқасының құрамына алдыңғы қатардағы отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының ғалымдары, бұрынғы халықаралық олимпиадалардың женімпаздары енеді.

15. Президенттік олимпиаданың қазылар алқасы:

1) Президенттік олимпиадаға қатысушылардың жазбаша жұмыстарын тексереді, олардың нәтижелерін бағалайды;

2) үйымдастыру комитетіне жүлдегерлер мен женімпаздарды марапаттау жөніндегі ұсыныстар жасайды;

3) Президенттік олимпиада қатысушыларының орындаған жұмыстарына талдау жүргізеді.

5. Женімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

16. Президенттік олимпиаданың республикалық кезеңінің барлық қатысушыларына осы бұйрыққа қоса беріліп отырған формасы бойынша сертификаттар тапсырылады.

17. Президенттік олимпиаданың женімпаздары мен жүлдегерлері әр пән бойынша Министірліктің дипломдармен марапатталады. Женімпаздар саны қатысушылар санының 25%-ын құрайды. Олимпиаданың қорытынды кезеңінде I, II және III дәрежелі дипломдар саны мына үйлесімділікпен анықталады: III дәрежелі дипломдармен женімпаздардың 50 %-ы, II дәрежелі дипломдармен 30 %-ы, I дәрежелі дипломдармен 20 %-ы марапатталады.

Женімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар бір пәннен жазылады (олардың белгілі бір пәннен неғұрлым көбірек жинаған балының санына сәйкес).

Жаратылыстану-
математика
ЦИКЛЫ
пәндері бойынша
Президенттік
олимпиаданы
ұйымдастыру
және өткізу
қағидасына
қосымша

Форма

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы

Сертификат

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерден

(математика, физика, химия және биология)

Президенттік олимпиадаға

қатысушы

берілді

Директор (қолы) аты-жөні

М.О.

Қазақстан
Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2012 жылғы 13
наурыздағы
№ 99 бүйрекіна 2-
қосымша

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық
олимпиадаларды
ұйымдастыру және өткізу
ҚАФИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу қафидалары (бұдан әрі - Олимпиада) республикалық олимпиаданың жалпы білім беретін пәндер бойынша жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын барлық білім беру ұйымдарының оқушыларын, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімі мен тәжірибелік шеберлігін тереңдешту, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету, дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау, халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, Қазақстан Республикасында білім берудің беделін көтеру.

3. Министрліктің бүйрекі негізінде Олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін Республикалық ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Республикалық ұйымдастыру комитеті) құрылады. Республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі, тәраға және тиісті құрылымдық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының жетекшілері енеді.

4. Олимпиаданың республикалық ұйымдастыру комитеті:

- 1) осы қағидамен белгіленген Олимпиаданың өткізілуін бақылайды;
- 2) Олимпиадаға басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 3) Олимпиаданы өткізудің қажетті ғылыми-әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету үшін пәндер бойынша әдістемелік комиссияларды қалыптастырады;

4) Білім және ғылым министріне немесе оның міндеттін атқарушыға Олимпиаданың қазылар алқасы мүшелерінің құрамы және саны жөнінде ұсыныс береді;

5) Олимпиаданың қорытындысын талдайды;

6) Олимпиада материалдарын жариялады.

5. Олимпиаданың бірінші-үшінші кезеңдеріне басшылық жасауды жүзеге асыру үшін мектепшілік, аудандық, облыстық (қалалық) ұйымдастыру комитеттері құрылады. Олардың құрамын тиісті білім беруді басқару органдары бекітеді.

6. Құрамына пәндер бойынша қазылар алқасының тәрағалары енетін үәкілетті органдар мен бекітілген Әдістемелік кеңес:

1) Олимпиаданың екінші, үшінші және төртінші кезеңдерінің теориялық және эксперименттік тапсырмалары мәтінінің қазақ және орыс тілдеріндегі соңғы нұсқасын әзірлейді;

2) Олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізу жөнінде әдістемелік ұсыныс әзірлейді;

3) Әр пән бойынша Олимпиаданы өткізу кезеңдерінің түрін, тапсырмалардың үлгісін және бағалау өлшемдерін анықтайды.

7. Олимпиаданың республикалық кезеңінің пәндер бойынша қазылар алқасының құрамына тәрағасы және мүшелер кіреді. Қазылар алқасының саны пәнге байланысты тақ саннан құралады (5 адамнан кем емес).

Олимпиаданың республикалық кезеңінің қазылар алқасының тәрағасы мен құрамының Республикалық ұйымдастыру комитетінің ұсынысы бойынша Министрлік бекітеді. Олимпиаданың республикалық кезеңінің қазылар алқасының тәрағасы мен мүшелері Олимпиаданың алдыңғы өткен кезеңдердегі қазылар алқасының құрамына ене алмайды.

Қазылар алқасы құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер және жоғары білікті білім беруді басқару органдарының өкілдері, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадалардың женімпаздары енеді. Қазылар алқасының құрамына оқушылары Олимпиаданың облыстық және республикалық кезеңіне қатысатын мұғалімдер енгізілмейді.

8. Олимпиаданың республикалық кезеңінің қазылар алқасының тәрағалары:

1) Әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып, Олимпиаданың екінші, үшінші және төртінші кезеңдерінің теориялық және эксперименттік тапсырмалары мәтінінің соңғы нұсқасын әзірлейді және құрады;

2) орыс тіліндегі тапсырмалардың қазақ тіліне дәлме-дәл аудармасына, берілген тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, міндеттердің нақтылығына және олардың олимпиаданың тиісті кезеңі талабына сәйкестігіне жауап береді;

3) тиісті кезеңдері өткенге дейін тапсырмалардың құпиялышына жауап береді;

4) тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдері бойынша ұсыныс және пәндік олимпиадалардың регламенттерін (турлардың саны мен бағытын, әрбір турдың үзактығын, қажетті құралдардың тізбесін) әзірлеу жөніндегі қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады.

9. Олимпиаданың қазылар алқасы:

1) тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді, жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысуышыларды үшінші және төртінші кезең тапсырмаларының авторлық шешімімен және жұмыстарды тексеру нәтижесімен таныстырады;

2) қатысуышылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

3) жеңімпаздарды анықтайды және олардың тізімін бекіту үшін Министрлікке ұсынады;

4) Олимпиадаға қатысуышылармен орындалған тапсырмаларды талқылауды және үйлестіруді жүргізеді;

5) Республикалық ұйымдастыру комитетімен бірлесе отырып, оқу-жаттықтыру жиынына қатысуышылар құрамын және халықаралық олимпиадаларға қатысуышы кандидаттарды анықтайды.

2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

10. Олимпиаданы оқу жылы бойы 9-11 сынып оқушылары арасында әр жалпы білім беретін пән бойынша білім басқармасының тиісті органдарымен төрт кезеңде өткізеді:

1) бірінші (мектептік) кезең ағымдағы оқу жылышын 30 қарашасынан кешіктірмей орта білім беру үйымдарында ауданның (қаланың) білім басқармасы органдары дайындаған тапсырмалар бойынша өткізіледі;

2) екінші (аудандық/қалалық) кезеңді аудандық немесе қалалық деңгейде ауданның (қаланың) білім басқармасының органдары өткізеді;

3) үшінші (облыстық) кезеңді облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру үйымдары (бұдан әрі - РББҰ), "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйимы (бұдан әрі - НЗМ ДББҰ) және "Республикалық физика-математикалық мектебі" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "РФММ" КеАҚ) өткізеді";

4) төртінші (республикалық) кезең республиканың түрлі өндірлерінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді бөле отырып өткізіледі.

Қатысушылардың жұмыстарын Олимпиаданың барлық кезеңдерінде қазылар алқасы алдын ала шифрланған және сканерленген түрде ұсынады.

Қазылар алқасы мүшелерінің жұмыстарды бағалауы үйымдастыру комитеті әзірлеген бағалау критерийлеріне сәйкес қамтамасыз етіледі.

Әр кезеңнің қорытындысы бойынша жұмыстарды бағалау нәтижелері үйымдастыру комитетіне беріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрекмен.

11. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрекмен.

12. Олимпиаданың екінші, үшінші және төртінші кезеңдерін өткізу уақыты және Олимпиаданы өткізу тізбесі жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі - Министр) бүйрекмен белгіленеді.

Олимпиаданың екінші, үшінші және төртінші кезеңдерінің тапсырмаларын жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша республикалық әдістемелік кеңес (бұдан әрі - олимпиаданың әдістемелік кеңесі) дайындауды және "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі - "Дарын" РПО) бекітеді.

13. Әр кезеңді өткізуден бір ай бұрын облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары, "НЗМ" ДБҰ және РБҰ әр катысушыға Олимпиада материалдарын дайындау үшін оқыту тілдеріне сәйкес әрбір пән және сынып бойынша қатысушылар саны көрсетілген өтінімді "Дарын" РПО-ға жібереді.

14. Барлық төрт кезеңнің тапсырмалары "Дарын" РПО бекіткен әдістемелік ұсынымдамаларға сәйкес өлшемдер мен параметрлер бойынша бағаланады.

15. Олимпиаданың бірінші және екінші кезеңдеріне орта және жалпы орта білім беру үйымдарының оқушылары қатысады.

**16. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 №
114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Олимпиаданың үшінші кезеңіне екінші кезеңнен іріктеліп алғынған жалпы орта білім беру үйымдарының ең уздік үш оқушысы, Астана және Алматы қалалары, "НЗМ" ДБҰ және РБҰ үшін – алты оқушы қатысады.

18. Олимпиадаға қатысу үшін тиісті деңгейдегі білімі бар қатысушылар жоғары сыныптардың бағдарламалары бойынша жіберіледі.

19. Олимпиаданың төртінші кезеңіне нәтижелеріне сәйкес, әр пән және сынып бойынша екі қатысушыдан артық емес жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша 10-11 сынып оқушылары, сондай-ақ олимпиада резервінің оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар жіберіледі.

Олимпиаданың төртінші кезеңінің әрбір қатысушысы тапсырмаларды орындау үшін жеке жұмыс орнымен, дәптермен және/немесе "Дарын" РЕПО мәртабаны бар қағазбен, оқу тіліндегі тапсырмалар мәтінімен қамтамасыз етіледі.

Олимпиаданың төртінші кезеңі аяқталған соң қатысушылардың жұмыстарын бағалау нәтижелері "Дарын" РЕПО интернет-ресурсында және өткізу орындарында 1 сағат (60 минут) ішінде орналастырылады.

Олимпиаданың төртінші кезеңінің қорытындысы шығарылғаннан кейін қатысушылар жұмыстарының сканерленген көшірмелері "Дарын" РЕПО интернет-ресурсында қатысушылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетілмей орналастырылады.

Олимпиаданың төртінші кезеңінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету үшін оны өткізу процесі онлайн режимінде қарau үшін бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Үшінші кезеңді үйымдастыру комитеті Олимпиаданың республикалық кезеңіне тиісті командаларды қатыстыру үшін өтінімді "Дарын" РЕПО-ға ағымдағы оқу жылының 25 ақпанына дейін жіберуі қажет.

21. Олимпиаданың төртінші кезеңіне қатысатын облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, "НЗМ" ДБҰ, РБҰ және "РФММ" КеАҚ командаларын Олимпиада барысында жалпы білім беретін пәндерді оқыту проблемалары бойынша семинарларға, пікірталастарға қатысатын, олимпиадашыларды дайындау бойынша тәжірибе алмасатын мамандар, әдіскерлер, сондай-ақ мұғалімдер алып жүреді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Команда жетекшісі Олимпиадаға қатысушылардың Олимпиада өтетін жерге әкелу және тұратын жеріне қайту жолындағы, Олимпиада барысындағы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

23. Жұмыстарды бағалауда барынша әділдікті қамтамасыз ету үшін әрбір турдан соң Олимпиадаға қатысушылардың барлығымен тапсырмалар талқыланады. Тапсырмаларды талқылаудан кейін қатысушылардың тілегі бойынша жұмыстарды үйлестіру жүргізіледі. Үйлестірудің мақсаты – жұмыстарды бағалауда Олимпиадаға қатысушылар мен қазылар алқасы мүшелері арасында толық өзара түсіністікке қол жеткізу.

24. Үйлестіруді қазылар алқасының тәрағасы және тапсырманы бағалаған қазылар алқасының мүшелері тікелей Олимпиадаға қатысушымен өткізеді.

25. Олимпиадаға қатысушы қазылар алқасының бағасымен келіспеген жағдайда, үйлестіруге бөлінген мерзімде ұйымдастыру комитетінің тәрағасына өтініш білдіреді, тәраға осы мәселені шешу жөнінде мамандар қатарынан тиісті комиссия құрады.

26. Екінші және үшінші кезең жұмыстарын үйлестіру Олимпиаданың тиісті кезеңі, республикалық кезең аяқталғаннан кейін бір күн ішінде – Олимпиада нәтижелері жарияланғаннан кейін 5 сағат ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Корытынды ереже

27. Мектепішілік, аудандық және облыстық (қалалық) олимпиадалардың жүлдегерлері білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың дипломдарымен, грамоталарымен және жүлделерімен марапатталады.

28. Олимпиаданың төртінші кезеңінің жеңімпаздар саны әр пән және сынып бойынша Олимпиаданың төртінші кезеңіне қатысушылар санының 45%-ын құрайды.

Олимпиаданың әр кезеңінің жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Олимпиаданың республикалық кезеңінің I, II және III дәрежелі дипломдар саны мына үйлесімдікпен анықталады: III дәрежелі дипломдармен жеңімпаздардың 50 %-ы, II дәрежелі дипломдармен 30 %-ы, I дәрежелі дипломдармен 20 %-ы марапатталады.

29. Егер бірнеше қатысушы жүлделі орындарды анықтау үшін қажетті тәмен деңгейге сәйкес бірдей балл саны жинаған жағдайда, жүлдегерлер саны қазылар алқасының шешімімен көбеюі мүмкін.

Қазақстан
Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2012 жылғы 13
наурыздағы
№ 99 бұйрығына
3-қосымша

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық
ғылыми жобалар
конкурстарын ұйымдастыру және өткізу
ҚАФИДАЛАРЫ

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.08.2014 № 340 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қафидалары (бұдан әрі - Ғылыми конкурсы) Ғылыми конкурстардың ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Ғылым мен техника бойынша Халықаралық жарыстардың Ғылыми конкурсын (Intel International Science and Engineering Fair (бұдан әрі - Intel ISEF)) жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) өткізеді.

3. Ғылыми конкурстың мақсаттары мен міндеттері:

- 1) оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;
- 2) ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;
- 3) Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

4. Ғылыми конкурстың іріктеу кезеңі халықаралық қафидалардың (Intel ISEF) талаптарына сәйкес - Ғылыми Рецензиялау Комитетімен (бұдан әрі - FPK) өткізіледі. FPK - Ғылыми конкурстың әр кезеңіндегі заңдары, қаулылары және ережелері бар ғылыми жұмыстардың, сертификаттардың, ғылыми зерттеу

жоспарларының, экспонаттарының бағалануына жауапты білікті мамандар тобы болып табылады.

Ғылыми конкурстың барлық деңгейлерінде ғылыми жалғандық және бұрмалауға, басқа конкурстарға бұрын-соңды ұсынылған жұмысты өз жұмысы ретінде пайдалану немесе ұсыну, жалған мәлеметтер беруге жол берілмейді.

Ғылыми конкурстың қорытынды кезеңінің қазылар алқасы Министрлікпен бекітеді.

5. FPK ұсынылған жұмыстарды қарайды, бағалау критерийлары бойынша қосындылап, Ғылыми конкурсты үйімдастыру және өткізу жөніндегі республикалық үйімдастыру комитетімен бекітілген әр жобаны рецензиялайды және қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша облыстық кезеңге, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша республикалық кезеңге қатысушыларды анықтайды.

6. Ғылыми конкурстың қорытынды кезеңінің қазылар алқасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрімен бекітіледі.

7. Ғылыми конкурсқа:

1) аталған ғылым саласындағы фактілер, оқиғалар, құбылыстар және бұрын танылмаған, ерекше жақтары көрсетілген;

2) мектеп тәжірибелерін жетілдіруге, өндірістік процесстердің тиімділігін арттыруға ықпал ететін, практикалық міндеттерді шешуге жаңалықтар әкелетін аппараттардың, модельдердің, құралдардың конструкциялары ұсынылған;

3) әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған экономикалық-зандыққа негізделген компьютерлік модельдер және жобалар ұсынылады.

8. Ғылыми конкурсқа:

1) жарысқа кәмелетке толмағандар үшін рұқсат етілмейтін аспаптармен жұмыстар, жануарларға қатігездік көрсетілетін эксперименттер, адам денсаулығы мен жануарлар үшін зиян келтіретін заттармен жүргізілетін жұмыстар (улы, радиоактивтік, канцерогендік және мутагендік әсері бар зерттелмеген биологиялық белсенді қосылыстар, адам және жануарлар үшін патогенді немесе шартты патогенді заттар, микроағзалар, вирустар, ішімдік, никотин) жарысқа қатысуға жіберілмейді;

2) республикалық жарыстарда бұрын қаралған және қорғалған жұмыстар Ғылыми конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

9. Зерттеу жұмыстарын рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1) жұмыс мәтіні компьютерде басылып мынадай құрылымнан тұруы тиіс:

титул параграфы;

мазмұны;

абстракт (аннотация) қазақ немесе орыс тілдерінде (зерттеу жұмысының қайтілдегі дайындалғанына байланысты), және ағылшын тілінде жазылады;

кіріспе;

зерттеу бөлімі;

корытынды;

пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

2) титул парагында мыналар көрсетіледі:

жұмыс орындалған үйымның толық атауы, қаласы, мектебі;

автордың (біріккен автордың) тегі, аты, сыйныбы;

жұмыстың атауы;

жұмыстың дайындалған бағыты, секциясы;

жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты;

қаласы (жарыстың өтетін жері), жылы;

3) абстракт (аннотация) (250 сөзден артық емес) қамтылған жұмыстың қысқаша мазмұнын көрсетуі тиіс:

зерттеудің мақсаты;

типотезасы;

кезеңдері, зерттеудің реті;

тәжірибелінің әдістемесі;

зерттеудің жаңалығы және дербестік дәрежесі;

жұмыстың нәтижесі және қорытындысы;

нәтижелерді практикада қолдану салалары;

4) кіріспеде (2 беттен артық емес) мыналарар келтіріледі: таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі, осы жұмыстың мақсаты (міндегі); қойылған міндегтерді шешу әдісі қысқаша көрсетіледі;

5) жұмыстың зерттеу бөлімі (20 беттен кем емес) жеке тараулардан (параграфтардан) түрады және мыналарды қамтиды:

осы жұмысты жүргізуудің қажеттілігіне көз жеткізуге және оның мақсатын (міндегін) құрастыруға мүмкіндік беретін таңдалған тақырып бойынша белгілі нәтижелерге талдама шолу жасау;

қойылған міндегтерді шешу әдістерін сипаттау;

жұмыстың нәтижелері және оларды талқылау;

суретті материалдар (сызбалар, кестелер, фотосуреттер, суреттер);

6) пайдаланылған әдебиеттерге сілтемені төртбұрышты жақшада беру керек. Мәтінде кездесетін сілтемелердің шығуына қарай, нәмірлеу реті болуы керек. Мәтінде кездесетін сілтемелердің шығуына қарай, нәмірлеу реті болады;

7) қорытынды (бір беттен артық емес) жұмыстың негізгі нәтижелері және олардың негізінде жасалған қорытындыларын, жұмыстың нәтижелерін ғылыми және практикалық мақсаттарға пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қамтиды;

8) пайдаланылған әдебиеттер жұмыс соңында жалпы тізіммен мынадай тәртіпте беріледі:

автордың тегі және қысқартылған аты-жөні;

мақаланың және журналдың аты (журналдағы мақалалар үшін);

журналдың, кітаптың аты;

басып шығарылған орны және баспасы (кітаптар үшін);

басылған жылы, шығу нәмірі, беті;

9) әрбір жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі, автордың жұмысқа сінірген жеке еңбегі, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелерін әрі қарай

пайдалану жөніндегі ұсыныстары көрсетілген жетекшінің пікірі қоса берілуі керек;

10) төртінші кезеңге (баяндамаға) 135x125 шаршы сантиметр көлемдегі стенде орналастыру үшін демонстрациялық материалдарды жасау ұсынылады.

10. Стендті ресімдеуге қойылатын талаптар:

стендтің жоғарғы жағына көлдененеңін абстрактыны, қатысушының атын, жасын, мектебінің, қаласының, облысының атын орналастыру қажет;

стенд материалдары жұмыстың мазмұнын сипаттайтын нөмірленген кестелер, фотосуреттер, суреттер, диаграммалар енгізіліп, қорытындылары көрсетіліп, талғаммен ресімделеді;

мазмұнды дайындау кезінде негізгі назарды жоба авторының алған нәтижелерін көрсетуге аударылады.

11. Үәкілдік мүшемен бекітілген ғылыми жетекші жұмыс нәтижелері диплом жұмыстарынан, магистрлік және кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжымдардың есептерінен көшірілмеген, алынған нәтижелердің нақтылығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді. Оқушы жаңа білім мен өз бетінше зерттеу қызметінің дағдыларына ие болып, өз қолынан келетін жұмысты орындауы керек.

2. Ғылыми конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

12. Зерттеу жұмыстарының тақырыптары "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығында (бұдан әрі - "Дарын" РЕПО) Intel ISEF-ке (Вашингтон, АҚШ қ.) тіркелінген жобаларды бекіту аффилендіру үшін тиісті жылдағы 20 қыркүйегінен кешікпей тіркеледі.

13. Ғылыми конкурстар төрт кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезеңді (мектеп, аудандық) - білім белімдері;

2) екінші кезеңді (іріктеу алдындағы) - облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру үйымдары (бұдан әрі - РББҰ), "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйымы (бұдан әрі - "НЗМ" ДББҰ), "Республикалық физика-математика мектебі" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "РФМШ" КеАҚ) еki турда өткізеді:

бірінші тур - жобаларды корғау;

екінші тур - осы Қағыдаларға қосымшада көрсетілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстары өткізілетін пәндер тізбесіне сәйкес оқыту тіліне, сыныбына сай бейіндік пәнді терендептіп оқыту бағдарламасы бойынша тестілеу.

Әдістемелік кеңес құрастырған тесттілер 60 сұрақтан тұрады (120 балл), оларды орындауға 2 астрономиялық сағат беріледі.

Ушінші кезеңге тестілеу балдарының жалпы санынан кемінде 50% балл жинаған іріктеу алдындағы кезеңнің екінші турына қатысушылар жіберіледі. Командалық жұмысты үшінші кезеңге жіберу үшін өту баллы жұмыс авторларының жинаған балдарының орташа арифметикалық саны болып табылады;

3) үшінші кезеңді (іріктеу) – жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша "Дарын" РЕПО және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша облыстық білім беру үйімдары (алдын ала сараптама) өткізеді.

Ғылыми конкурстың төртінші кезеңіне ең көп балл жинаған үшінші кезеңдің жүлдегерлері жіберіледі;

4) төртінші кезең (республикалық) - Республикалық үйымдастыру комитеті (жобаларды қорғау).

Ескерту. 13-тармақ жана редакцияда - ҚР Білім жөне ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Фылыми конкурстың бірінші және екінші кезеңдерін өткізу мерзімдері облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, "НЗМ" ДББҰ және "РФММ" КеАҚ басшыларының бүйрығымен анықталады. Фылыми конкурстың үшінші және төртінші кезеңдері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бүйрығымен айқындалған мерзімдерде өткізіледі. Фылыми конкурсының Қағидаларда қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық фылыми жобалар конкурстары өткізілетін пәндер тізбесі бойынша өткізіледі.

Ескерту. 14-тармақ жана редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашкы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Фылыми жетекшінің немесе оқушылардың фылыми қоғамының ұсынуымен, фылыми конкурстың бірінші кезеңіне 9-11 сынып оқушылары қатысады. Зерттеу жұмыстарын екі оқушыдан кем емес орындайды.

16. Екінші кезеңге бірінші кезең жүлдегерлері қатысады, олар ғылыми жетекшінің пікірін және ілеспе құжаттарды (өтінім, мектептің есебі, зерттеу журналы) ұсынады.

17. Фылыми конкурстың қорытынды кезеңіне қатысуға үміткер үшінши кезеңінің қорытындысы бойынша неғұрлым көп балл жинаған, Астана, Алматы қалаларының, РБҰ-ның, "НЭМ" ДББҰ (әр секция бойынша екі жобадан кем емес) жүлдегерлері.

18. Алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 №
114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

19. Алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 №
114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

20. Төртінші кезең - зерттеу жұмысын қорғау және осы Қағидалардың 8-
тармағының талаптарына сәйкес рәсімделген стенд материалын ұсыну. Жұмысты
қорғау кезінде авторға (біріккен авторларға) баяндама үшін 10-15 минут
беріледі.

3. Конкурста женімпаздарды марапаттау

21. Фылыми конкурстың облыстық кезеңінің женімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

22. Республикалық кезең женімпаздарының саны әр секция және әр жоба бойынша Фылыми конкурстың республикалық кезеңіне қатысушылардың жалпы санының 45 %-ын құрайды.

Фылыми конкурстың республикалық кезеңінің женімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. I, II және III дәрежелі дипломдар саны мынадай үйлесімдікпен анықталады: III дәрежелі дипломдармен женімпаздардың 50%-ы, II дәрежелі дипломдармен 30%-ы, I дәрежелі дипломдармен 20%-ы марапатталады.

23. Егер бірнеше қатысушы жүлделі орындарды анықтау үшін қажетті төмен деңгейге сәйкес бірдей балл жинаған жағдайда, республикалық кезең женімпаздарының саны қазылар алқасының шешімімен көбейеді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық фылыми жоба конкурстарын үйлемдастыру және өткізу қағидасына қосымша

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық фылыми жобалар конкурстары өткізілетін пәндер тізімі

Секциясы	Пәні
1. Физика	Физика
2. Техника	Физика
3. Жер және ғарыш туралы ғылымдар	Физика
4. Математика	Математика
5. Қолданбалы математика	Математика
6. Информатика	Математика, информатика
7. Экономика	Математика, география
8. Биология	Биология
9. Химия	Химия
10. Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығын сақтау	Биология
11. Тарих	Дүниежүзі тарихы және Қазақстан тарихы
12. Адам және қоғам	Дүниежүзі тарихы және адам және қоғам
13. Өлкетану	География және Қазақстан тарихы
14. Әдебиет	Қазақ әдебиеті және орыс әдебиеті
15. Этномәдениеттану	Дүниежүзі тарихы және Қазақстан тарихы, Қазақ әдебиеті және орыс әдебиеті
16. Тіл білімі	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын, неміс және француз тілдеріЖүктеу

Жалпы білім

беретін пәндер
бойынша
респубикалық
ғылыми
жоба
конкурстарын
ұйымдастыру
және өткізу
қағидаласына
4-қосымша

Орындаушылардың респубикалық конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Орындаушылардың респубикалық конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Занына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдарының (бұдан әрі - білім беру үйимдары) студенттері арасында орындаушылардың респубикалық конкурстарын өткізуі ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

2. Орындаушылардың респубикалық конкурстарын (бұдан әрі - конкурстар) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім беру үйимдарының студенттері (бұдан әрі - қатысуши) арасында білім алушылардың кәсіби даярлығын арттыру, неғұрлым дарынды орындаушыларды анықтау, олардың шығармашылық өсіруі және Қазақстанның музыкалық өнерін насиҳаттау мақсатында өткізеді.

3. Конкурстардың негізгі міндеттері оқушы жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту Қазақстан Республикасында музыкалық білім беруді жетілдіру мен дамыту, орындаушыларды оқытудың жаңа тиімді әдістемелерін іріктеу және енгізу, білім беру үйимдары педагогтерінің шығармашылық қызметін ынталандыру болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 07.04.2020 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.

4. Конкурстар "Аспапта орындаушылық және музыкалық эстрада өнері", "Ән салу", "Музыка теориясы" мамандықтары бойынша осы Қағидаға 1-қосымшага сәйкес мамандану бағыттары кезегімен ауысып өткізіледі.

5. Конкурстарға қатысуға орындайтын конкурстық бағдарлама дайындаған және білім беру үйимы педагогикалық кеңесінің ұсынымын алған қатысушылар жіберіледі.

6. Білім беру үйимы конкурстарға қатысуға әрбір номинация бойынша 2-ден көп емес қатысушы ұсынады.

7. "Музыка теориясы" мамандығы бойынша конкурстарға қатысуға өзге де музикалық мамандықтардың студенттері жіберіледі.

8. Ұйым қатысушыларды алып жүру үшін концертмейстерді және бір оқытушыны анықтайды және жолдайды.

9. Конкурстарға қатысуға өтінімдер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыру комитеті көрсеткен мерзімде мемлекеттік және орыс тілдерінде басылған түрде ғана осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қабылданады.

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) түу туралы куәліктің көшірмесі (немесе жеке куәліктің көшірмесі);

2) 10x15 см көлеміндегі бір фотосурет;

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық көнесінің ұсынымы;

4) конкурсқа қатысушылардың турлар бойынша бағдарламасы.

10. Конкурстардың ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бүйрекшімен бекітіледі.

11. Ұйымдастыру комитеті конкурстың өткізілетін орнын айқындайды, конкурс материалдарын дайындайды және оларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министріне бекітуге ұсынады.

12. Қазылар алқасы қатысушылардың конкурстың өнер көрсетулерін бағалайды, конкурстың талсырмалар аяқталған соң нәтижелерді хабарлайды. Қазылар алқасының шешімі соңғы болып табылады және қайта қаралмайды.

13. Конкурстың комиссияның шешімі ашық түрде қарапайым дауыс беру арқылы конкурстың комиссия құрамының 3/2 қатысқан кезде қабылданады. Дауыстар тен болған жағдайда, терағаның дауысы шешуші дауыс болып табылады.

14. Қазылар алқасының мүшесі қазіргі уақытта өзі оқытып жүрген қатысушылардың кандидатурасы бойынша дауыс беруге және талқылауға қатыспайды. Дауыстар тен болған жағдайда, терағаның дауысы шешуші дауыс болып табылады.

15. Қазылар алқасы конкурсқа қатысушылардың шеберлігіне баға береді, оларға бірінші, екінші және үшінші орын береді, оларды дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапаттайтынды.

2. Конкурстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

16. Қатысушылар орындайтын музыкалық шығармаларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілетін Конкурс бағдарламасы жасалады, Конкурс бағдарламаға сәйкес өтеді. Қатысушылардың өнер көрсету кезегі үйимдастыру комитеті 1-турдың алдында өткізетін жеребе бойынша анықталады және конкурс аяқталғанша сакталады.

17. "Аспапта орындаушылық және музыкалық эстрада өнері", "Ән салу" мамандықтары бойынша Конкурстың әрбір туры мына көрсеткіштер бойынша 25 балдық жүйемен бағаланады:

музыкалық дарындылықтың айқындылығы - 5 балл;

орындау техникасы (тазалығы, сауаттылығы, айшықталуы) - 5 балл;

шығарманы стильдік айшықтау - 5 балл;

әртістігі - 5 балл;

жеке-даралығы - 5 балл.

Екінші турға жиынтығында кемінде 18 балл алған қатысушылар жіберіледі.

Ушінші турға әрбір аспап (дауыс) бойынша жиынтығында кемінде 21 балл алған қатысушылар жіберіледі.

18. Қатысушылар ұсынған бағдарламаларды өзгертуге жол берілмейді. Барлық шығармалар жатқа орындалады. Әрбір шығарма бір рет қана орындалады.

19. "Музыка теориясы" мамандығы бойынша конкурстар нысандары мен мазмұны әртүрлі 3 турда өткізіледі:

1) сольфеджио және гармония мамандандыруы бойынша конкурс:

2 тапсырмадан тұрады, біреуі - сольфеджиодан, екіншісі - гармониядан.

Қатысушылар сонына дейін барлық турларға қатысады:

1 тур - жазбаша жұмыс;

2 тур - ауызша жауап;

3 тур - есту бойынша талдау және орындау.

Әрбір тапсырма 10 балдық бағалау жүйесі бойынша мына көрсеткіштермен бағаланады:

Бірінші тур екі белімге бөлінеді:

сольфеджиодан диктант;

гармониядан есеп.

Сольфеджиодан диктант мына параметрлерден тұрады:

диктантты сауатты әрі дұрыс жазу;

жазу уақыты.

Диктантты жатқа сақтағаны бойынша қайталаған қатысушы қосымша балл алады.

Гармониядан есептер шығару мына көрсеткіштермен бағаланады:

функционалды сауаттылық;

қызықты фонизм;

мұлтіксіз дауыс менгеру.

Есепті 2 нұсқада шешкен қатысушы қосымша балл алады.

Екінші тур - параптан оқу және секвенциядан тұрады.

Параптан оқу мына параметрлермен белгіленеді:

мелодияны сауатты орындау;

мәнерліп ән салу.

Өзін-өзі сүйемелдеген қатысушы қосымша балл алады.

Секвенция мына параметрлермен анықталады:

сауатты орындау;

адым мен бағытты тандау;

музыкалық сезімталдығы.

Ұсынылған 2 секвенцияның екіншісін орындаған қатысушы қосымша балл алады.

Ушінші тур еki бөлімнен тұрады: есту арқылы талдау және периодты ойнау.

Есту арқылы талдау мына параметрлермен бағаланады:

тональдық жоспарын есту арқылы анықтау;

музыкалық материалдың такт бойынша аккордтық мазмұнын анықтау.

Жатқа (алдын ала жазусыз) есту бойынша, талдау жасаған қатысушы қосымша балл алады.

Ойнау кезеңі мына көрсеткіштермен бағаланады:

Ойластырылған аккордтан тыс дыбыстарды қолдана отырып, дауыстың сауатты менгерілуі (алдын ала берілген басталуы мен тональдық жоспар бойынша периодты ойнау - ең жоғары балл - 5; берілген тоналдық жоспар бойынша өздігінен периодты бастап ойнау - 4; алдын ала дайындалған периодты ойнау - 3);

Стильдік біркелкілік. Периодтың жанрлық өндөреүін жасаған қатысушы қосымша балл алады.

2) "Музыкалық әдебиет" мамандандыруы бойынша конкурс З турдан тұрады:

концертке кіріспе сез;

викторина;

коллоквиум және музыкалық тақырыптарды орындау.

Бірінші тур "Концертке кіріспе сез" еki бөлімнен тұрады:

концертке кіріспе сезді жазба ресімдеу (90 мин.);

қатысушылардың ауызша сөйлеуде (5-7 мин.).

Бірінші турдың бөлімдері 10 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Концертке кіріспе сезді жазбаша ресімдеу мына көрсеткіштермен бағаланады:

баяндаудың толықтығы;

баяндаудың логикасы;

баяндаудың стилі.

Ауызша сөйлеу мына көрсеткіштермен бағаланады:

сөйлеу мәдениеті;

сөйлеу техникасы;

әртістігі.

Екінші тур "Викторина" 20 нөмірден тұрады. Бір нөмірді тыңдау уақыты - 1 минут, нөмірді ресімдеу - 1 минут.

Екінші тур 20 балдық жүйе бойынша мына көрсеткіштермен бағаланады:

табылған нөмірлерінің саны;

жауаптың толықтығы (композитор, шығарма, әрекет, бөлім, тональдығы).

Үшінші тур "Коллоквиум және музыкалық тақырыптарды орындау" еki бөлімнен тұрады:

коллоквиум (әңгіме түрінде 10 сұраққа ауызша жауап беру);

музыкалық тақырыптарды орындау. Тізімде кемінде 100 нөмір болуы керек.

Қатысушы 10 тақырыпты орындауы керек.

Үшінші турдың әрбір бөлімі 10 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Коллоквиум мына көрсеткіштермен өлшенеді:

материалды толық білуі;

сөйлеу мәдениеті.

Музыкалық тақырыптарды орындау мынадай көрсеткіштермен бағаланады:

орындау сапасы (орындаудың дұрыстығы, сауаттылығы);

орындаудың музыкалық сезімталдығы.

"Музыка теориясы" мамандығы бойынша конкурстық талсырмалар бойынша ең жоғарғы балдың қосындысы 60-қа тен.

3. Конкурстардың қорытындыларын шығару

20. "Аспапта орындаушылық" мамандығы бойынша конкурстарға қатысушыларға тиисті балл жинағанда мынадай орындар беріледі:

1 - орын және лауреат атағы - кемінде 24-25 балл;

2 - орын және лауреат атағы - кемінде 22-23 балл;

3 - орын және лауреат атағы - кемінде 20-21 балл.

Кемінде 18 балл алған конкурстарға қатысушыларға дипломант атағы беріледі.

21. "Музыка теориясы" мамандығы бойынша конкурстарға қатысушыларға мына орындар беріледі:

1-орын және лауреат атағы - кемінде 57-60 балл;

2-орын және лауреат атағы - кемінде 54-56 балл;

3-орын және лауреат атағы - кемінде 51-53 балл.

Дипломант атағы 48-50 балл жинаған қатысушыларға беріледі.

22. Барлық лауреаттар өз қалауларымен конкурс аяқталған соң үйымдастыру комитеті үйымдастырған қорытынды концертке қатысады.

Орындаушылардың
республикалық
конкурстарын
үйымдастыру
және
өткізу
қағидаларына 1-
қосымша

Орындаушылар конкурсының мамандану бағыттарының көзектесуі

конкурсты өткізу дің 1-ші жылы

конкурсты өткізу дің 2-ші жылы

"Аспапта орындаушылық":	"Аспапта орындаушылық":
1) үрлемелі ағаш аспаптар (флейта, гобой, кларнет, фагот, саксофон-альт, саксофон-тенор);	1) фортепиано;
2) үрлемелі мыс аспаптар (валторна, труба, тромбон, туба), урмалы аспаптар;	2) скрипка, альт, виолончель, контрабас.
3) қазақ халық аспаптары (домбыра, шертер, қобыз, қыл-қобыз);	"Ән салу" дауыс бойынша: 1) сопрано;
4) орыс халық аспаптары (баян, аккордеон, гитара, домра-прима, домра-бас).	2) меццо сопрано; 3) тенор; 4) баритон; 5) бас.
	"Теориялық музыка" кезекпен аудысып: 1) музыкалық әдебиет (бірінші жылы); 2) гармония және сольфеджио (екінші жылы). Жүктөу

Орындаушылардың
республикалық
конкурстарының
ұйымдастыру
және
өткізу
қағидаларына 2-
қосымша

Нысан

ӨТІНІШ

Мамандық _____

Мамандану _____

Қатысушының аты-жөні _____

Жынысы _____

Тұған жері мен күні _____

Оқу орнының аты, курс _____

Мұғалімнің аты-жөні _____

Концертмейстердің аты-жөні _____

Алып жүретін адамның аты-жөні _____

Мекен-жайы _____

Телефон нөмірі, факс _____

Код _____

Өтінішті толтырған күні _____

Қолы _____

Оқу орны басшысының аты-жөні _____

Қазақстан
Республикасы
Білім және
ғылым
министрінің
2012 жылғы 13
наурыздағы
№ 99
бұйрығына 5-
қосымша

Республикалық кәсіби шеберлік конкурстарын үйымдастыру және өткізу қағидалары

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.08.2017 № 411 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы республикалық кәсіби шеберлік конкурстарын үйымдастыру және өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) республикалық кәсіби шеберлік конкурсын (бұдан әрі - конкурс) үйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік әріптер - жұмыс берушілер және конкурсты үйымдастыруға тікелей көмек көрсететін демеушілер;

2) құзыреттіліктің техникалық сипаттамасы - құзыреттіліктер атауын анықтайтын, сайыс кезеңдерінің жүргізілу бірізділігін, конкурсқа қатысушылардың конкурстық тапсырмаларын бағалау өлшемшарттарын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникаларының салалық талаптарын, материалдар мен жабдықтарды анықтайтын құжат;

3) Competition Information System, CIS (Компетишиң Информәйшн Систем, СИС – байқауға қатысушыларын бағалаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – БАЖ).

2-тaraу. Республикалық кәсіби шеберлік конкурсын үйымдастыру және өткізу тәртібі

3. Конкурсты үйымдастыру және өткізу үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі конкурстың үйымдастыру комитетін (бұдан әрі - Үйымдастыру комитеті) құрады. Үйымдастыру комитетінің құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі - Министр) бұйрығымен бекітіледі.

Конкурстың ұйымдастыру комитетінің қурамына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) өкілі, Министрліктің қарамағына жататын ұйымдардың, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының білім беру басқармаларының, тиісті қызмет салаларының жұмыс берушілер бірлестіктерінің және жұмыс берушілердің өкілдері кіреді.

4. Ұйымдастыру комитеті республикалық мерзімді басылымдарға және Министрліктің интернет-ресурсына конкурстың өткізілетін уақыты, күні және орны туралы, өтінім қабылдаудың басталу және аяқталу мерзімі туралы хабарлама жібереді.

5. Конкурсқа облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары өткізетін облыстық конкурстың женімпаздары (бұдан әрі - конкурсқа қатысушы) қатысады.

Конкурсқа қатысушы Ұйымдастыру комитетіне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуга өтінім;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өңірлік деңгейдегі конкурстық комиссия отырысының хаттамасының көшірмесі

3) жеке басын куәландаудың құжаттың көшірмесі;

4) 3x4 сантиметр көлеміндегі 4 фото сурет;

5) мінездеме - жіберіп отырған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының ұсынымы;

6) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттар нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бүйрекмен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) 086/Е нысаны бойынша анықтама;

6. Ұйымдастыру комитеті осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтығын тексереді. Толық құжаттардың жиынтығын ұсынған конкурсқа қатысушыларға қатысуға рұқсат етіледі.

Осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген толық емес құжаттардың жиынтығы ұсынылған жағдайда, түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күн ішінде құжаттар қайтарылады.

Ұйымдастыру комитеті хабарландыруда көрсетілген құжаттарды ұсынудың соңғы мерзімі аяқталған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде конкурсқа қатысушылардың тізімін жасайды.

7. Конкурс 1 (бір) кезеңнен тұрады.

8. Конкурстық тапсырмаларды құру және оларды бағалау өлшемшарттарын, алаңдарды салу өлшемшарттарын әзірлеу үшін, Министрдің бұйрығымен бекітілген сарапшылар кеңесі құрылады.

Сарапшылар кеңесі әлеуметтік әріптердің өкілдерінен, орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру үйімдарының өндірістік оқыту шеберлерінен құрылады.

9. Ұйымдастыру комитеті жарыстың басталуына дейін 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей үй-жайларды және конкурстық орындарды дайындауды (салуды) қамтамасыз етеді және конкурс басталмас бұрын 1 (бір) күн бұрын қатысушыларға жұмсалатын материалдармен, құралдармен, жабдықпен қамтамасыз етеді.

10. Конкурстың басталуына дейін 1 (бір) сағат бұрын сарапшылар кеңесі Ұйымдастыру комитеті бекіткен конкурстық тапсырманы бағалау өлшемшарттарына қатысушыларды таныстырады, оларды конкурстық тапсырмаларды, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды ұсынады.

11. Осы Ереженің 5-тармағында көзделген ұсынылған құжаттарды және конкурстық тапсырмаларын орындау нәтижелерін бағалау үшін Министрдің бұйрығымен конкурстық комиссия құрылады. Конкурстық комиссия құрамына белгілі бір мамандық бойынша кемінде 3 (үш) сарапшыдан тұратын конкурстық комиссияның терағасы мен мүшелері кіреді. Конкурстық комиссия мүшелерінің саны тақ сан. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді және конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

12. Конкурстық комиссияның мүшелері конкурстық тапсырмаларды орындағаннан кейін конкурстық комиссияға конкурсқа қатысушылардың конкурстық тапсырмаларды орындауды туралы қорытындысын (бұдан әрі - қорытынды) (ерікті нысанда) ұсынады.

13. Байқау комиссиясының мүшелері сарапшылардың ұсынған пікірлері негізінде конкурс қатысушыларын БАЖ-ды пайдалана отырып, құзыреттердің техникалық сипаттамаларына сәйкес бағалайды.

14. Конкурстың жеңімпаздары әрбір мамандық бойынша бірінші, екінші және үшінші орындарды иелену арқылы конкурстық комиссияның шешімімен еркін конкурстық комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталды.

Респубикалық
кеңіби шеберлік
конкурстарын
ұйымдастыру
және өткізу
қағидаларына

1-қосымша
Нысан

Конкурсқа қатысуға өтінім

(облыстың, Астана және Алматы қалаларының атауы)

Конкурсқа қатысушысының Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Тұған жылы/айы/күні	Ұйым атауы	Лауазымы (жұмыс істейтін адамдар үшін)	Көсіптік құзыреті	Байланыс ақпараты (мекенжай, телефон, e-mail)	Ұйым басшысы
						Жүктөу

Өнірлік деңгейде өткізілетін конкурстың сарапшылар көңесінің мүшелері:

Т.А.Ә. (болған жағдайда)

(қолы)

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы

Т.А.Ә. (болған жағдайда)

(қолы)

Күні 20 __ __ ж.

Республикалық
кесіби
шеберлік
конкурстарын
Ұйымдастыру
және өткізу

қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Өңірлік деңгейдегі конкурстық комиссия
отырысының хаттамасы

(облыстың, Астана және Алматы қалаларының атауы)

Мамандық _____

(атауы)

Қатысқандар:

сарапшылар кеңесінің мүшелері (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, жұмыс орны) :

конкурстық комиссия мүшелері (Т.А.Ә. (болған жағдайда) лауазымы, жұмыс орны) :

1. Конкурсқа ____ адам қатысты

Конкурсқа қатысушының Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Ұйым атауы	Жинаған балл саны
		Жүктөу

2. Конкурстық комиссия қойған балдарды есептеу нәтижесі бойынша жүлделі орындар тағайындалады:

Орын	Конкурсқа қатысушының Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Жинаған балл саны
I		
II		
III		Жүктөу

Қолы:

Сарапшылар кеңесінің мүшелері: _____

Т.А.Ә. (болған жағдайда)

(қолы)

Конкурстық комиссия мүшелері: _____

Т.А.Ә. (болған жағдайда)

(қолы)

Мерзімі _____ 20 ____ ж.